

*ЗЕРДЕ*

**Нұрмахан ОРАЗБЕК,**  
**Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген қызметкері**  
**ӨГІЗ КӨП, БҰҚА АЗ ЗАМАН**

Алтынбектің қапияда қазаға ұшырағанын естіген күн – мен үшін (маған «халық атынан» сөйлеуге ешкім рұқсат берген жоқ) біздегі саяси өкіметтен (өкімет пен үкіметті шатастырмаған жөн) түңілген күн. Алтынбекке қастандық жасауға бұйырған Өтембаев деген біреу дегенді естіген күн мен үшін: «Біздің өкімет – қандай өкімет?» – деген күмән ұялатқан күн (саяси қайраткерлерді өлтіруге «заказ» бере алатын біреу біз заңдылықтың кепілі дейтін заң шығарушы өкімет аппаратының басшысы дәрежесіне дейін көтеріле алатын болса), сот деп, ол тәуелсіз деп жариялай отырып, қисынсыз желеумен (басқа аумақта деген) сот процесін түү Талдықорғанда өткізуді тағайындайтын болса (Талғар мен Қарасай аудандарын Алматы қалалық әкімдігінің дәрегейіне қосу туралы жарлық болған сияқты еді, әлде мен алжаса бастадым ба), мен үшін – өтіріктің өрге басқан күні.

Өз басым, «Саясат – жастардың ісі» деген Кәкеңнің (Кәкім, яғни Михаил Иванович Есенәлиев) қағидасына (әрине, мұны ол кісіден бұрын да талайлар айтқан) тақ тұратын адаммын. Сондықтан да үндемеуге болар еді. Бір кезде бір мақаланы ашынып жазып, оған қоса, тақырыпты «Айтпағым-ақ келеді, айтпасыма болмайды» деп қойып, ол газеттің келесі санына беттеліп тұрған жерінен алып тастаған бастықтың: «Енді бұл... біздің газетке жазбайтын болар», – дегенін де білетін азаматтан естіген едім. Амал қанша, кәрі жын қозып кетіп, осынау шағын жазбаны шамырқанып бастағаным да содан болар.

Мұсылманшаға жүгінсек, пенденің рухына дәрмен берер ниет білдірілуі керек, бейнесін еске түсіру, жұрт алдында жайып салу, адамгершілігі мен азаматтығын қоса өріп, аруағына бас июдің себептерін ашуға тырысу керек. Мен білетін Алтынбек кім? Алтынбекті бүге-шігесіне дейін, түп-тұқиянына, ішек-қарнының қырындысына (кешіріңіздер, бұл біз білетін қазақтың сөзі еді) дейін білемін деу – мен үшін күпірлік болар. Сондықтан білетінімді ғана айтайын.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының екінші жартысынан бастап мына пақырыңыздың Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің үшінші курс студенттеріне, онда да аз ғана бөлігіне «Ақпарат қызметінің өзіндік ерекшеліктері» деген тақырыпта арнаулы пән бойынша он шақты жыл арнайы семинар жүргізгені бар еді (онда да Кәкімжан Қазыбаев ағамыздың өтініш-тапсырмасы бойынша, тапсырманың сыры туралы сәл кейін). Сол ғасырдың сексен екінші жылы болар, тағы да үшінші курстың он шақты студенті алдыма отырды. Теоретик емес, практик маған солардың бәрін баурап алу міндет те емес, бірақ білгенімді үйрету – парыз. Бірақ тықақтай беру – бұйырмаған мінез. Бала емеспіз, шәкірттің аужайы салған жерден аңғарылады. Көрініп қалғысы, жағынып қалғысы келгендер болады, бұл сонша кім еді деп бұра қашқысы, бұра сөйлегісі келетіндер («бұра қашқан түлкіге жақсы, бұра сөйлеген күлкіге жақсы») болады. Солардың ішінде, Құдайға шүкір делік, байыпты, сабырлы, білгенін жеріне жеткізіп айта білетін, білмегенін қазбалап сұрап түбіне дейін жететіндер де табылады. Сол он шақты жігіттің ішінде, қазақша айтқанда, ақсары, құстұмсық, бойшаң, көзілдірігінен көзінің түсі онша аңғарыла қоймайтын жігіт (өз басым, жас әріптестерім қолданатын «жас жігіт» деген тіркесті қабылдай алмаймын, қазақ «бозбала, жігіт, отау иесі» деп бөлетін

секілді еді) бөлекшелеу сықылды болатын. Ондай болатыны – лебізі байсалды, байыпты, салмақты. Жазуы да (әрине, мен қоятын талап тұрғысынан) қонымды. Емтиханды да мен қоятын талап тұрғысынан «беске» тапсырды. «Бір кандидат осы жігіт болар-ау», – деп түйдім де қойдым. Міне, осы арада жоғарыда айтқан Кәкеңнің «тапсырмасына» келуге міндеттімін.

Кәкең ҚазТАГ-қа директор болып келісімен, көп шаруаның арасында болашақ кадрлар жөнінде де бірден ойластырып алған болуы керек. Содан да ҚазГУ-де арнайы семинар жүргізуге келіскен болуы керек. Бірақ көп ұзаған жоқ, Одақ және шетел хабарлары бас редакциясының бас редакторы әрі алқа мүшесі болып істеп жүрген мені шақырып алып, жоғарыда айтылған «өтініш-тапсырмасын» жүктеген болуы керек. Олай болатыны, Кәкең бас мекемеміз (одақтық-республикалық мекемеміз ғой) – ТАСС-пен әрі Мәскеу мемлекеттік университетімен біздің жүйеге кадр керек, ҚазГУ-дің журналистика факультетінің үшінші курсы бітірген екі-үш мықты жігіт МГУ-дің үшінші курсына қабылдансын, оны бітірген соң басқаға емес, жолдамамен бізге келсін деп иін қандырып, тұсауын кесіп қойыпты. Сол таңдаулылар санатында Алтынбек пен Дархан (қазір Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары) Мәскеу университетіне аттанады ғой.

«Мықтылар кім?» деген Кәкеңнің сұрағына «мыналар» деп үш-төрт жігіттің атын атағаным болмаса, арғы жағында шаруам болған жоқ. Сексен алтының жазының аяғы сол Алтынбек, сол Дархан ҚазТАГ ғимаратында (бұл кезде мен директордың – Жұмағали Ысмағұловтың орынбасарымын, Кәкең Орталық Комитеттің хатшысы) кездесе кетті. МГУ-ді бітіріпті, бізге республикалық хабарлар бас редакциясына қызметке тұрыпты (мен кезекті демалыстан келгенмін). Бірқалыпты күндер өтіп жатты. Қыс та қаһарына міне бастаған. Ұшықиыры жоқ хабарлар аудармасын редакциялаумен бас қатырып отырғанмын. Алтынбек келді. Текке бас сұқпайтынын білемін. «Аға, сіздің қарауыңызға ауыссам қайтеді?» – деді. Аужайын сездім. Алтынбек үш-төрт айдан бері істеп жүрген әрі тек орысша жазуға тиісті бас редакцияда баяғыдан таптаурын соқпақтан ауытқымау талабы қатаң сақталатын әрі қазақ баласының, орыстілді болып кеткен бірлі-жарымының демесек, басқасының бас асаулығын көтере алмайтын. Басшыға жеткенше талай рет сызатын, жонатын. Сұхбат секілді өрістілеу жанрдағы материал жазу оларға тапсырылмайтын. Білетінбіз, керісетінбіз. Сондықтан қазбалау орынсыз. Түсіндім. «Мақұл» дедім. Сол екі арада Желтоқсан оқиғалары басталды да кетті. Үш күндік дүрбелеңнен кейін жаңадан жастар басылымдары ашылатын болды, осының бірі журнал (редакторы Әшірбек Көпішев болды-ау деймін) секілді еді, Алтынбек соған шақырылыпты. Мұндайда «Жолың болсыннан» басқа сөз артық. Содан мен сексен сегізде Қарағандыға кетуге тиіс болдым, үш жылдан кейін жаңадан құрылған Баспасөз министрлігіне Қуаныштың шақыруымен оралдым. Алтынбек «Горизонт – Өркеннің» бас редакторы екен. Бір қызметкерін жіберіп, сұхбат-әңгіме жасатты. Көп ұзаған жоқ, сол газет министрлік ғимаратына көшіп келді. Арнайы жолығып, сәлемдестік. Ағадан ілтипат, ініден ізет. Көп ұзаған жоқ, министрлік республика алаңына көшті, тағы да... Алтынбек Президент аппараты мен Министрлер кабинетінің ішкі саясат бөлімінің бастығы болыпты деп естідік (бас-аяғы үш-төрт айдың аясы). Не керек, министріміз (Қуаныш Сұлтанов): «Ағылшын тілінде республикалық газет шығарсақ деген ой бар екен, Алтынбек сізді қолай көреді», – деді. Бардық, тоқсан екінің екінші жартысынан шығара бастадық. Аптасына бір рет. Бірақ бюджеттік қаржы бөлінісіне енбеппіз. Тоқсан үштің көктемі туып қалған, ұмытпасам, наурыздың бесі. Газеттің шаруасын біржақты ету керек шығар деп министрге барайын. Сөйтсем, бар кабинет жабық. Қабылдау бөлмесіне кірсем, хатшының айтатыны: «Жиналыс

болып жатыр» (мен білетіні өзгеріпті). Жырынды темекішілмін ғой, сыртқа шығып кеттім. Республика алаңы ғой, әрі көктем. Біраз қыдырыстадым.

«Бұлардың жиналысы бітетін уақыт болған шығар» деген есек дәмемен жоғары көтерілсем (үшінші қабат па, төртінші қабат па, қазір есімде қалмапты, шамасы, қарайып барамыз-ау, әйтпесе содан бір жыл-ақ бұрын үстелімізге дейін сол қабатқа қолмен көтеріп шығып едік-ау), жиналыс бітіпті, хатшының мархабатымен кабинетке кірсем, төрде – Алтынбек (отыз бірден жаңа асқан, отыз екіге толмаған, менің тұңғышымнан да кіші). «Аға, шәкіртіңіз министр болғанына өкінбессіз», – деді. Уақыт өте берді. Келесі жылы, ойда жоқта Сыртқы істер министрлігінің ұсынысымен Меккеге жол түсті, корольмен төс түйістірудің, Мәдинеде Құранның түрлі-түрлі басылымдарын шығаратын фабрикамен танысудың сәті түсті, соның ішінде магнитофон таспасын (Құран 26 үнтаспаға бастан-аяқ жазылады екен) соның бір-екеуін тіленшілеп тауып, не керек, соның біреуін сапардан оралған соң Алтынбекке сыйладым. Содан кейін жарты жылдан сәл-ақ астам уақыт өтті. Тоқсан бестің басы. «Министр шақырып жатыр», – деді телефоннан естілген үн. Бардым. «Қазақстан» баспасына директор болып барсаңыз», – деді. «Ойбай-ау, одан екі, басқасынан бес-алты кітап шығарғаным болмаса, ол шаруаны біле бермеймін ғой, оның үстіне газет те бар», – дедім. «Білесіз, газетті қоса ала кетесіз», – деді. «Қабырғаммен кеңесейін», – дедім. «Кеңесіңіз, бірақ мен бұйрық беріп қойдым», – деді. Бардым, газет ұжымымен қоса. Жаманды-жақсылы істеп жатырмыз. Жыл өтті. «Министр шақырып жатыр», – деді телефоннан орынбасары Әлібек. Шақырса, барасың. «Аға, – деді министр, – бір жұмысқа ұсынып едім, өзіне бару керек еді, аттап өтпейін деп аппарат басшысына бардым. Қателескенім – сол. Елі сегізге келген министр орынбасарларын зейнеткерлікке жіберіп жатырмыз, сен мына жұмысқа сондай адамды ұсынасың», – деді. Тауым шағылды. «Тауың шағылмасын, жаман ағаңа ықыласыңа рақмет», – дедім. «Әнебір журналға бас редактор болып барсаңыз деген өтінішіміз бар, соған қалай қарайсыз?» – деді. «Ол журналдың бас редакторымен жолдас, сыйлас болғанымызға отыз жылға жуықтапты. Кеше ғана зейнет жасына жетті. Ертең оны аттандырып салып, орнына мен барсам, е-е, мынау менің орнымды көздеп жүр екен ғой демей ме, сонда бетіне қалай қараймын», – дедім. Үндемеді. Бір-екі жыл өтіп кетті. Бір күні тағы да қоңырау шалынды. «Аға, ана журнал мәз болмай тұр, барсаңыз қайтеді?» – деді. «Айналайын, Алтынбек, – дедім, – өздерің таңдап қойған сол жігітпен жастық шақта бірге істеп едік, істегенде де, әй-шәй деспей, тіпті пікірлес болып істеп едік, ертең орнымды тартып алды деп жүрсе, ағаңа өлім емес пе?» – дедім.

Түсінді-ау деймін. Ұғатын ағаң, түсінетін інің болса, айналып кетпейсің бе. Бірақ көп өткен жоқ, тағы да қоңырау шалынды. Баяғы өтініш. «Аға, – деді, – сыйлас ініңізге орын тауып бердік. Әрі жақсы орын. Ұялатын ретіңіз жоқ. Үшінші рет өтініп отырмын ғой». «Ұялттың, – дедім, – бірақ пайғамбар жасына келдім, екі-үш жылдан артық ол жерге байлама». Бәтуа осылай болды.

Айтпақшы, сол жылдары бір, кейінірек, Алтынбек өкімет өрісінен біржола кеткеннен кейінірек, тағы бір өтініш айтқаны бар. Алдында Төлеген Жүкеев екеуі бастап бір партия құрғысы келген екен, жарғысы мен бағдарламасын қазақшалап бердім, кейін «Нағыз Ақ жолдың» конституция жобасының қиындау бір-екі тарауын қазақшалап беруді өтінді, оны да жасап бердім.

Алтынбек дүниеден заңсыздық әмірімен кетті. Одан шығатын тағылымды әу баста айттым. Жоғарыда жарияланбай қалған мақаламның тақырыбы «Байланған бұзау бұқа болмас» еді. Менің емес, Бәукең (Момышұлы) ағамыздың сөзі. 1971 жылы Батыр ағамыздың кешігіп өткізілген алпыс жылдық мүшел тойының алдындағы сұхбатымызда айтқан сөзі еді.

Біздің бүгінгі өкімет осы сөздің мәніне ой жүгіртпесе, түбі не боларын айту қиын емес. Өгіз көп, қайда жіберсең де «айтқаныңды» орындайды. Бұқа аз, төл көбеймейді. Арты – жұтау. Материалдық емес. Моральдық. Қорытындысы – түңілу.

*«Біздің Алтынбек» кітабынан алынды*